

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Ж.С.Әділханова

Ж.Т.Ибраимова

Г.Е.Сапаева

Кешенді қазақ тілі

Ауған Ислам Республикасынан келген тыңдаушыларға арналған

Оқу-әдістемелік құралы

Алматы

«Қазақ университеті»

2014

Қазақ әліпбиі:

Әліпби					
Аа	Ққ	Фф	<i>Аа</i>	<i>Ққ</i>	<i>Фф</i>
Әә	Лл	Хх	<i>Әә</i>	<i>Лл</i>	<i>Хх</i>
Бб	Мм	Цц	<i>Бб</i>	<i>Мм</i>	<i>Цц</i>
Вв	Нн	Чч	<i>Вв</i>	<i>Нн</i>	<i>Чч</i>
Гг	Ңң	Шш	<i>Гг</i>	<i>Ңң</i>	<i>Шш</i>
Ғғ	Оо	Щщ	<i>Ғғ</i>	<i>Оо</i>	<i>Щщ</i>
Дд	Өө	Һһ	<i>Дд</i>	<i>Өө</i>	<i>Һһ</i>
Ее	Пп	Ъ	<i>Ее</i>	<i>Пп</i>	<i>Ъ</i>
Ёё	Рр	Ыы	<i>Ёё</i>	<i>Рр</i>	<i>Ыы</i>
Жж	Сс	Іі	<i>Жж</i>	<i>Сс</i>	<i>Іі</i>
Зз	Тт	Ь	<i>Зз</i>	<i>Тт</i>	<i>Ь</i>
Ии	Уу	Ээ	<i>Ии</i>	<i>Уу</i>	<i>Ээ</i>
Йй	Ұұ	Юю	<i>Йй</i>	<i>Ұұ</i>	<i>Юю</i>
Кк	Үү	Яя	<i>Кк</i>	<i>Үү</i>	<i>Яя</i>



Жуан	Жіңішке	Үнді	Ұяң	Қатаң
I	II	III	IV	V
А	Ә	М	Б	П
О	Ө	Н	В	Ф
Ұ	Ү	Ң	Г	К
Ы	І	Л	Ғ	Қ
(И,У)	Е	Р	Д	Т
	Э	(Й)	Ж	С
	(И,У)	(У)	З	Ш
				Щ
				Х
				Һ
				Ц
				Ч

ҚОСАРЛЫ ДЫБЫСТАР– Я (й+а)

Ё (ё+о)

Ю (ю+у)

Қазақтың төл дыбыстары: Ә, Ғ, Қ, Ң, Ө, Ү, Ү, І, Һ

Дауысты дыбыстар

А,ә,о,ө,ұ,ү,е,ы,і,э,и,у

Жуан – а, о, ұ, ы (и,у)

Жіңішке – ә, ө, ү, і, е, э (и,у)

Аа



алма, ағаш



ай



аю



арыстан

апа, ана, ата, арай, ал, ағай, апай, ақ, аш, ала, алмұрт, астана,
Алматы, ай, адам.

Әә



әтеш



әлем



әліппе



әже

әке, ән, әпке, әнші, әртіс, әуежай, әдемі, әдебиет, әңгіме

1- Жаттығу. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

А-та, а-па, а-ғаш, ал-ма, а-нар, ас-пан, а-рай, а-дам, ал-ша, ай, ай-на, а-ға.

Әп-ке, ә-де-мі, әй-нек, ә-лем, ә-ріп, ә-сем, ә-дет, әр-тіс, әң-гі-ме, ән, әл-сіз, ә-мір.

2-жаттығу. Жуан сөзді бір қатарға, жіңішке сөзді бір қатарға бөліп жазыңыз.

Ал, сал, тал, еле, әл, әке, ана, әже, алма, әпке, ән, сән, ас, әкім, сәл.

3-жаттығу. Төмендегі бос орындарға тиісті әріпті қойыңыз.

...ЛМ..., ...Ғ...Ш, ...демі, ...пк..., ...ріп, ...н, ...ш, н...н, т...с, д...рі.

Қане, тілдесейік!

1) - Сәлеметсіз бе? - Сәлеметсің бе? → (А - а)

2) - Сәлеметсің бе? - Сәлеметсіз бе? → (а - А)

3) - Сәлем! - Сәлем! → (а-а)

ЛЕКСИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫП

АДАМНЫҢ ДЕНЕ МҮШЕЛЕРІ



- 1- көз
 - 2-мұрын
 - 3-ауыз
 - 4-иек
 - 5- саусақ
 - 6-бас
 - 7- шаш
 - 8- құлақ
 - 9- мойын
 - 10- қол
 - 11-кеуде
 - 12-аяқ
- 2-Сабақ

2-САБАҚ

Оо




ою



отбасы



орындық



оқулық

Отан, от, орамал, ою, ор, отыз, оқу, он, орын, отыру.

1- Жаттығу. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

Ой-на, ой-ла, о-тыр, о-тыз, он, от-ба-сы, ор-та, он-ша, о-қу, о-лар.

Өө дыбысы



өрік



өзен



өшіргіш



өрмекші

Өмір, өлең, өте, өкініш, өйткені, өркеш, өтірік, өкіл, өкпе, өгіз.

1-жаттығу. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

Ө-нер, өк-ше, өл-шем, ө-жет, өз-ге-ше, ө-гей, ө-си-ет, ө-ті-ніш, өт-кір, ө-те.

2-жаттығу. *Жуан сөзді бір бағанға, жіңішке сөздібір бағанға бөліп жазыңыз.*

Орман, орақ, өрт, отау, өрнек, оқушы, нөсер, өркеш, қонақ, нөкер, бота, ожау, озат, ой, көмір, сөз, отбасы, шөл, ойнау, өкпе, ойыншық, оңаша, өсімдік, тоғыз, көлем.

3-жаттығу. Төмендегі бос орындарға тиісті әріпті қойыңыз.
Н...кер, с...з, б...та, қ...нақ, ..зат, к...мір, ...рман, т...ғыз, к...лем.

Қане, тілдесейік!

- Амансыз ба, апай (ағай, ұстаз)? → (а - А)

- Амансың ба, қарағым (балам, айналайын, шырағым) → (А - а)

ЛЕКСИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫП

АЗЫҚ-ТҮЛІК



нан



сүт



май




қант



шай



ет



жұмыртқа

3-САБАҚ

Ы



ЫДЫС



— ҚЫЗ



МЫСЫҚ



ҚЫС

Ынта, ынтымақ, ырыс, ыстық, ыза, ызың, ықпал, ықылық, ылғал.

1-жаттығу. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

Ы-дыс, ыс-тық, қы-рық, ық-пал, ты-ры-су, тыр-нақ, шын-тақ, ғы-лым

Іі дыбысы



ілгіш



ірімшік



білезік



тіс

Із, іні, іздеу, ілтипат, ілгек, ілгері, іс, іш, ін, білім, тіл, тірі, кілт.

1-жаттығу. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

І-рі, ір-ге-тас, і-рім-шік, кі-ріс-пе, кі-сі, тір-ші-лік, ін-жу, би-ші, іс-кер, ті-лек, кір-пі, бі-лім.

2-жаттығу. Жуан сөзді бір бағанға, жіңішке сөзді бір бағанға бөліп жазыңыз.

Ыстық, жұмыс, кірпі, тесік, тіл, тырнақ, білек, кірпік, иық, тіс, ауыз, мұрын, мойын, іш, кіру, шығу, жылау.

3-жаттығу. Төмендегі бос орындарға тиісті әріпті қойыңыз.

Б...л...м, т...ри...л...к, жұм...с, қ...р...қ, к...лт, м...с...қ, к...ри..., ау...з.

Қане, тілдесейік!

-Қалыңыз қалай? →(а- А)

-Жақсы, рахмет.

- Қалың қалай?→ (а- а)


- Жаман емес.

-Қал жағдайың(ңыз) қалай?→ (А- А, а -А)


- Құдайға шүкір, жақсымын.

ЛЕКСИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫП

КӨКӨНІСТЕР



картоп



сәбіз



орамжапырақ




бұрыш



пияз



қызанақ



қияр

сарымсақ



бұршақ



асқабақ



қызылша



шалқам

4-САБАҚ


Ұу дыбысы



ұшақ



ұя



ұлу



ұстаз



ұры

Ұлт, ұрпақ, ұл, ұлы, ұшқыш, ұста, ұршық, ұстау, ұру, ұсақ.

1-жаттығу. *Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.*


Ұ-зын, ұ-рық, ұ-ры, ұр-шық, ұй-қы, ұ-ран, ұ-пай, ұ-ғым, ұн, ұн-тақ,

ұ-нау, ұ-мы-ту, ұр-лау, ұй-ғыр.

Үу дыбысы



үтік



үйрек



үкі



үй

Үлкен, үш, үнемі, үгіт, үзу, үлгеру, үміт, үлес, үзеңгі, үйлену, үйшік.

1-жаттығу. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

Үш бұ-рыш, сү-йек, түй-ме, тү-йе, үк-кіш, түс, түн, кү-лу, күн, үл-ге-рім, бұ-гін, үс-тел, тү-гін, күл-кі, түл-кі, сұл-гі, жү-ру.

2-жаттығу. Жуан сөзді бір бағанға, жіңішке сөзді бір бағанға бөліп жазыңыз.

Бұлт, бұйрық, күнбағыс, жүрек, бұрылыс, күрек, бұрғы, түкірік, тұз, мүйіз, құлақ, бүкір, тұтас, құрбақа, құдық.

3-жаттығу. Төмендегі бос орындарға тиісті әріпті қойыңыз.

Б...рғы, к...лу, т...лкі, ...стел, қ...дық, б...лт, т...з, б...кір, т...тас, ж...р.

Қане, тілдесейік!

-Кешіріңіз, танысуға бола ма?

-Танысайық, менің атым Серік.

- Сіздің атыңыз кім?

- Менің атым Айжан.

-Танысқанымға қуаныштымын.

ЛЕКСИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫП

ЖЕМІС-ЖИДЕКТЕР



алма



алмұрт



жүзім



шие



анар



өрік



шабдалы



күлпынай



танқурай



қарбыз



қауын



қарақат

5-САБАҚ

Ее дыбысы



есік



елік



етік



ер-тоқым

Есім, ер, ел, екі, еш, елек, егеу, егде, емен, есек, егемен, ес, егер.

1-жаттығу. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

Е-гін, е-гіс, е-ден, ес-кі, е-жел-гі, е-не, е-зу, еп-ті, ке-ме, те-ре-зе, тең, бес, жел-ке, ем, ем-ха-на, бе-ре-ке, ер-ке.

2-жаттығу. Қатесіз көшіріп жазыңыз.

Ертегі, кеш, белгі, кемеңгер, кешігу, келісім, бекер, терең, мереке, Еңлік, Ержан, Ермек, еңбек, емші, ертең, емен, елбасы, есеп, ескі, есту, емтихан, екінші, егіз, ескерткіш.

3-жаттығу. Төмендегі бос орындарға тиісті әріпті қойыңыз.

Б...лгі, к...м..., ж...лк..., ...рт...ң, м...р...к..., к...ш, ...гіз.

Қане, тілдесейік!

- Сіз қай жерденсіз?

- Мен Қазақстаннанмын. Ал сен қайдансың?

- Мен Ауғаньстаннанмын.

-Қай қаладансың?

-Алматыданмын. Ал сен ше?

-Кабул қаласынанмын

ЛЕКСИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫП

ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІ



ҚЫС



КӨКТЕМ



ЖАЗ



КҮЗ

АЙ АТТАРЫ

Қыс айлары: желтоқсан, қаңтар, ақпан.

Көктем айлары: наурыз, сәуір, мамыр

Жаз айлары: маусым, шілде, тамыз

Күз айлары: қыркүйек, қазақ қараша

АПТА КҮНДЕРІ

1) Дүйсенбі

2) Сейсенбі

3) Сәрсенбі

4) Бейсенбі

5) Жұма

6) Сенбі


7) Жексенбі

6-САБАҚ

Ии ДЫБЫСЫ

И → дауысты (жуан, жіңішке)

У → дауысты (жуан, жіңішке) және дауыссыз



ИТ



ИНЕ



ИНЕЛІК

ИНЖЕНЕР

Ислам, иман, игілік, ирек, институт, игеру, имек, имену.

Уу дыбысы



УЫҚ



УЫЛДЫРЫҚ



у



университет

Уағыз, уайым, уақыт, уәде, уқалау, уыс, уәзір, улану, уату.

1-жаттығу. *Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.*

И-гі-лік, и-рек, уа-қыт, уә-зір, у-іл, су, ки-ім, ти-ын, и-ық, жи-на-лыс, е-зу, қу, ау, ту-ы-лу, си-рек, и-те-ру, жу-ық.

2-жаттығу. *Назар аударып оқыңыз.*

А) Қиын, сақина, ине, киім, тиын, тиін, жина, қина, биле, Нағима, иық, сирек, илеу, Салима, ит.

Ә) Суық, уіл, булау, сулау, гүіл, уәзір, дауыл, өсу, жауын, күлу, қауын, аунау, шу, шуақ, жаулық, шәугім, Дубай, ауган, Алатау, Еуропа, куәлік, бура, сурет.

3-жаттығу. Берілген мақалдан «у, и» дыбысына сипаттама жасаңыз:

1) Жаңбыр жауса, жер ырысы,

Батыр туса, ел ырысы

2) Оқу-инемен құдық қазғандай.

3) Уәде – құдай сөзі.

4) Жалқаулық-жаман ауру.

4-жаттығу. «ұ, ү, у» дыбыстарының ұқсастығы мен айырмашылығына назар аударыңыз. Дұрыс оқыңыз.

Бура

Бұрыш бүрге

Ашу

бұршақ,

сүнгі

суық

кұрбақа

жүгіру

тауық

құлақ

бүгін

уқалау

құрылыс

үлгі

уық

бұйра

күлкі

тура

тұр

жүр

Қане тілдесейік!

- Сәлем, Ахмад!

- Сәлем, Қайрат!

- Сен қайда оқисың?

- Мен әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде оқимын.

- Қай факультетте оқисың?

- Тарих факультетінде.

- Сен қайда тұрасың?

- Мен 14-жатақханада тұрамын.

ЛЕКСИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫП

ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІ



ата



әже



ана, шеше



әке



аға



іні



күйеу жігіт, келін



әпке



сіңілі, қарындас



немере

7-САБАҚ

Ээ дыбысы



экскаватор



электр маманы

Элеватор, экология, экран, экономика, этнос, эпос, эпопея.

Ескерту:

«Э» дыбысы орыс тілінен енген дауысты дыбыс. Қазақтың төл сөздерінде кездеспейді.

1-жаттығу. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

Эпи-тет, экс-по-нат, эн-цик-ло-пе-ди-я, эс-тон, эс-тра-да, э-фир, эс-те-ти-ка, э-ти-ка, эт-но-граф, э-ве-рест, э-пос, э-нер-гия.

2-жаттығу. «Э, Е» дыбыстарының ұқсастығы мен айырмашылығына назар аударыңыз. Дұрыс оқыңыз.

Электр

Етікші

Эпопея

Есім

Эмаль

Ертең

Этика

Ертегі

Эстетика

Еңбек

ҚОСАРЛЫ ДЫБЫСТАР

ЁЁ, ЮЮ, ЯЯ

Ё (й+о)

Ю (й+у)


Я (й+а)



шахтёр



юпитер



ядро

1-жаттығу. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

Вахтёр, қоян, таяқ, ою, аяқ, актёр, ояу, бояу, япырай, яки, қою, аю, юмор, Юра, юань, ұя, ұялшақ, пияз, аяз, сия, тиянақты, тақия, яғни.

Қане тілдесейік!

- Сәлем, Анар.

- Сәлем, Алмас.

- Анар, танысып қой, бұл менің досым Әли.

- Өте қуаныштымын, менің атым Анар.

- Мен де қуаныштымын.

ЛЕКСИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫП

ЫДЫС АТАУЛАРЫ



қазан



шәугім



шәйнек



ас қасық



шай қасық



тәрелке



кесе



шанышқы



пышақ

8-САБАҚ

ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАР

Үнді дауыссыздар: М,Н,Ң,Л,Р,Й,У

1-жаттығу. Берілген сөздерді оқыңыздар.

М	Н	Ң	Л	Р	Й	У
Мақта	Нан	Аң	Лала	Раушан	Қой	Дауыл
Май	Наурыз	Таң	Лақ	Рақым	Ай	Қауын
Мейірім	Нәзік	Шаң	Лашық	Радио	Шай	Ожау
Мұғалім	Нағима	Елтаңба	Лебіз	Рахмет	Тай	Ауа
Мектеп	Нұр	Теңіз	Лайық	Роман	Айран	Әуе
Мүйіз	Нөкер	Аңыз	Ләйлә	Реніш	Қайық	Уақыт

Ескерту: «Ң,Й» дыбыстары қазақ тілінде сөз басында келмейді.

2-жаттығу. Берілген мәтіннен үнді дыбыстары бар сөздерді теріп жазыңыз.

Қазақстан –тәуелсіз мемлекет. Қазақ халқы -қонақжай әрі мейірімді халық. Қазақ жері кең, табиғаты әсем, пайдалы қазбалары мол. Қазақстан- көп ұлтты мемлекет. Олар өзара тату-тәтті тұрады.

Қосымша тапсырма:

А) Сөздіктің көмегімен түсініксіз сөздердің мағынасын анықтаңыз.

Ә) Берілген мәтіндегі жуан және жіңішке сөздерді топтап айтыңыз.

3-жаттығу. *Төмендегі сөздерді салыстырып оқыңыздар.*

Тон-тоң

Жана-жаңа

Тонды-тоңды

Рас-лас

Ара-ала

Қатар-қатал

Қане тілдесейік!

- Амансыз ба, ана!

- Амансың ба, қарағым. Атың кім, айналайын?

- Менің атым Хамит.

- Өркенің өссін, балам!

- Аман болыңыз, ана.

-Сау бол, қарағым!

ЛЕКСИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫП

КИІМ АТАУЛАРЫ



бас киім



күрте



тон



шалбар



жейде



көйлек



жемпір



бәтіңке



етік



кроссовка



мойынорағыш



орамал

9-САБАҚ

Ұяң дауыссыздар: Б,В,Г,Ғ,Д,Ж,З

1-жаттығу. Берілген сөздерді оқыңыздар.

Б	В	Г	Ғ	Д	Ж	З
Бала	Вагон	Гүл	Ғалым	Дана	Жаз	Зерек
Балық	Велосипед	Газет	Ғимарат	Диалог	Жігіт	Зейін
Балапан	Вокзал	Геолог	Ғылым	Дау	Жауап	Заң
Бақша	Волейбол	Генерал	Ғаламшар	Дала	Жаттығу	Зерттеу
Бағбан	Вахта	Гауһар	Ғарыш	Дауыс	Жас	заңгер
Береке	Вальс	Газ	Ғашық	Дән	Жезде	Зиян

Ескерту: «Б,Ғ» дыбыстары қазақ тілінде сөз соңында келмейді. «В» дыбысы орыс тілінен енген сөздерде жазылады.

2-жаттығу. Берілген мәтіннен ұяң дыбыстары бар сөздерді теріп жазыңыз.

Көктем келді. Қар еріп, күн жылынды. Жеміс ағаштары гүлдей бастады. Күн ұзарып, түн қысқарды. Жылы жаққа кеткен құстар қайта келді. Мал көкке жайылатын болды.

Қосымша тапсырма:

А) Сөздіктің көмегімен түсініксіз сөздердің мағынасын анықтаңыз.

Ә) Берілген мәтіндегі жуан және жіңішке сөздерді топтап айтыңыз.

3-жаттығу. Ұяң дыбыстардан басталатын сөздерге мысал келтір.

Қане тілдесейік!

Тапсырма: диалогты ретімен орналастырыңыз.

- Сау бол, Мұрат.

- Мен қуаныштымын, Сәуле

- Сенің атың кім?

-Мен де.

-Менің атым Сәуле

-Сәлем!


- Танысайық, менің атым Мұрат

- Сәлеметсің бе!

-Көріскенше!

ЛЕКСИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫП

ТӨРТ ТҮЛІК АТАУЛАРЫ



сиыр



бұзау



ат



құлын



қой



қозы



түйе



бота



ешкі



лақ

10-САБАҚ

Қатаң дауыссыздар: Қ,К,Х,Һ,Ш,Щ,Ч,С,Ц,П,Ф,Т.

1-жаттығу. Берілген сөздерді оқыңыздар.

Қ	қала	қалам	қауын	қағаз
К	кітап	кілем	кең	көше
Х,һ	халық	хат	қаһарман	жиһаз
Ш	шана	шам	шай	шекер
Щ,ч	ащы	тұщы	чемодан	Чемпион
С	сағат	сабақ	саябақ	Сенбі
Ц	циркуль	цирк	цемент	Центнер
П,ф	парта	парақ	фабрика	Футбол
Т	темір	теңіз	тау	тасбақа

Ескерту:«щ» дыбысынан қазақ тілінде сөз басталмайды.

«ц,ф,ч» дыбысы тек басқа тілден енген сөздерде ғана кездеседі.

2-жаттығу. Берілген мәтіннен қатаң дыбыстары бар сөздерді теріп жазыңыз.

Әлемде алуан алуан құстар бар. Солардың біразын су құстары дейді. Себебі олар көбінесе суда өмір сүреді. Су құстары: қаз, үйрек, шағала тағы басқалары. Олар суға батпайды. Олардың жүні, қауырсыны майлы болады. Сондықтан оларға су жұқпайды.

Қосымша тапсырма:

А) Сөздіктің көмегімен түсініксіз сөздердің мағынасын анықтаңыз.

Ә) Берілген мәтіндегі дауыссыз дыбыстарды түрлеріне қарай ажыратыңыз.

- Қ+ Ы =Ғ тарақ-тарағы
 - К+І = Г күрек-күрегі
 - П+Ы/І=Б/У сап-сабы, тап-тауып
-

3-жаттығу. Төмендегі сөздерге «ы,і,у» дыбыстарының тиістісін қойыңыз.

Сап, тап, топ, кітап, мектеп, қолғап, тәртіп, жіп, шап, жап, теп, сеп, орындық, жүрек, тірек, тілек, достық, орақ.

Қане, тілдесейік!

- Сәлеметсіз бе, ағай

- Сәлеметсің бе, Жафар.

- Ағай, танысып қойыңыз, бұл менің ағам Арман. Ол болашақ заңгер.

- Жарайсың, балам. Танысқанымға қуаныштымын.

ЛЕКСИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫП

ХАЙУАНАТТАР



арыстан



жолбарыс



аяу



қасқыр



түлкі



қоян



піл



бұғы



жираф



елік



зебра



қабан

11-САБАҚ

Кім? Не?



қыз (кім?)



кітап (не?)

Дәрігер, адам, жігіт, студент, әке, апа, ұстаз, аспаз, әпке, сіңлі, бала.

Қағаз, оқулық, ағаш, тақта, терезе, ит, ат, еден, перде, аспан, жаңбыр.

1-жаттығу. Төмендегі сөздерді «кім? не?» сауалына қарай екі бағанға бөліп жазыңыз.

Ағай, бас, ақша, апта, аспаз, дәрігер, әдебиет, ауыл, көз, ән, басшы, баға, арал, қалам, апай, жігіт, сынып, уақыт, есім, апа, жолдас, ағаш, жапырақ, дос, көрші, балмұздақ, мәдениет, қарындаш, жезде.

Кім? → Кімдер? Студент студенттер, қыз қыздар.

Не? → Нелер? дәптер дәптерлер, асық асықтар, тас тастар.

Тілдік анықтамалық КӨПТІК ЖАЛҒАУ

I.П. Ш-р,й,у	I- лар	II-лер	қалалар әпкелер
III-м,н,ң,л IV-з, ж	-дар	-дер	адамдар көздер
IV-б,в,г,д V.	-тар	-тер	қазақтар жігіттер

2-жаттығу. Төмендегі сөздерге көптік жалғауын жалғаңыз.

Жұмыртқа, сағат, қалам, үстел, алма, өрік, қымыз, пышақ, сағыз, бақша, өлең, пәтер, нан, құс, күрек, бұзау, әже, күй, түлкі, арыстан, қол, бет, тау, күн, тас, апта, базар, бұғаз.

3-жаттығу. «Кім, не, кімдер, нелер» сауалдарына сөзден мысал жазыңыздар.

Қане, тілдесейік!

-Сәлем, Мохаммад!

- Сәлем, Малика

- Мохаммад, сенің отбасың қайда?

- Кабулда.

- Отбасыңда кімдер бар?

- Отбасымда атам, әжем, әкем, шешем және өзім.

ЛЕКСИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫП

ҚҰСТАР




аққу



үйрек



қаз



тауық



балапан



түйекүс



қарға



қарлығаш



үкі



торғай



көкек

12-САБАҚ

Тілдік анықтамалық

ТӘУЕЛДІК ЖАЛҒАУ

I	Менің	<i>Ым / ім / м</i>	Біздің	<i>Ымыз / іміз Мыз / міз</i>
II	Сенің	<i>Ың / ің / ң</i>	Сендердің	<i>Ың / ың</i>
	Сіздің	<i>Ыңыз / іңіз Ңыз / ңіз</i>	Сіздердің	<i>Ыңыз / іңіз</i>
III	Оның	<i>Сы / сі Ы / і</i>	Олардың	<i>Ы / і</i>

Менің досым, дәптерім, атам

Біздің досымыз, дәптеріміз, атамыз

Сенің досың, дәптерің, атаң

Сендердің достарың, дәптерің, аталарың

Сіздің досыңыз, дәптеріңіз, атаңыз Сіздердің достарыңыз,

дәптеріңіз, аталарыңыз

Оның досы, дәптері, атасы

Олардың достары, дәптері, аталары

1-жаттығу. *Жақша ішінде тұрған сөздердің тиістісін көп нүктенің орнына қойыңыз.*

1) Меніңқазақ қызы. (анаң, анасы, анам)

2) Оныңбағдарламашы. (әкеңіз, әкеміз, әкесі)

3) Сіздіңменде. (кітабымыз, кітабыңыз, кітабы)

4) Сеніңқаладан алыс. (үйім, үйің, үйлерің)

5) Біздіңәдемі. (қалаларың, қаласы, қаламыз)

2-жаттығу. *Мәтіндегі сөйлемді толықтырыңыз.*

Менің ат... Айнұр. Мынау менің университет.... Ал бұл менің аға.... Оның ат... Алмас. Мынау Оспан. Ол менің дос.... Анау оның іні..., оның есім...

Мирас. Бұл біздің ағай..... Оның ат....Марат. Біздің апай.....әдемі. Бұл кім?
Ол біздің оқытушы.....

3-жаттығу.Төмендегі сөздерді сәйкестендіріп жазыңыз.

Орындығың, досым, ағасы, кітабымыз, әпкеңіз, бөлмелерің, студенттеріңіз,
ағаштары, көршім, дәрісханаларыңыз, сыныбы, апайымыз, сөмкең.

Қане, тілдесейік!

-Сұрақтарға жауап беріңіз.

-Атың кім?

-Сен қайдансың?

-Отбасыңда кімдер бар?

-Әке шешеңнің денсаулығы қалай?

ЛЕКСИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫП

ЖИҢАЗДАР



үстел



орындық



шкаф



сөре



диван



төсек



парта



сандық

13-САБАҚ

1-жаттығу. Көптік тұлғада келген сөздерді табыңыз.

Әй, жігіттер, үлгі алмаңыз,
Азған елдің ішінен.

Алыс - алыс қашыңыздар,
Зияндасты кісіден.

Жақсыны көзбен салмаңыздар,
Жақсыдан қапыл қалмаңыздар.


Өзі болған ерлердің,
Аяғынан алмаңыздар.

Әр елге, әр жұртқа алтын сақа табылмас. (Шәкәрім)


2-жаттығу. Туыстық атауларға тәуелдік жалғауын қосып шығыңыз.

Ата, әже, әке, шеше, бала, қыз, аға, іні, әпке, сіңлі, жеңге, жезде, нағашы,
жиен, бөле, немере, шөбере, апа.


3-жаттығу. Төмендегі кестенің ішін хайуанаттар аттарымен толықтырыңыз.



лар



дар



тар



лер

дер

тер

Қане, тілдесейік!

Жаңылтпашты оқып, жатқа айт.

Қараңыздар, қалай біз

Қабырғалар қалаймыз?

Қалаймыз да, қараймыз,

Қараймыз да, қалаймыз.

ЛЕКСИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫП

МАМАНДЫҚ АТАУЛАРЫ



ұстаз



дәрігер



аспаз



әртіс



бағдарламашы



журналист



суретші



кұрылысшы



сазгер



биші



әнші



есепші

14-САБАҚ

Тілдік анықтамалық: Жіктік жалғауы

		<i>I</i>	<i>II</i>		<i>I</i>	<i>II</i>	<i>Мысалы:</i>
I	Мен	<i>Пын пін</i> <i>Мын мін</i> <i>Бын бін</i>	Біз		<i>Пыз піз</i> <i>Мыз / міз</i> <i>Быз біз</i>		<i>Қазақпын</i> <i>Ауғанмын</i> <i>Қызбын</i>
II	Сен	<i>Сың сің</i>	Сендер		<i>Сыңдар сіңдер</i>		<i>Қазақсың(дар)</i>
	Сіз	<i>Сыз сіз</i>	Сіздер		<i>Сыздар сіздер</i>		<i>Ауған(сыздар)</i>
III	Ол		Олар				<i>Қазақ, ауған</i>

МЕН	Пын пін	Мын мін	Бын бін
	Б, в, г, д –V	I, II, III	IV, з, ж
БІЗ	Пыз піз	Мыз міз	Быз біз

	V-б,в,г,д	I,II,III р,л,й,у	III м,н,ң;IV з,ж
--	-----------	------------------	------------------


1-жаттығу. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

Дәрігер, құрылысшы, сәулетші, елші, ғалым, бағдарламашы, заңгер, тарихшы, мұғалім, әнші, ұстаз, аспаз, ақын, іскер, журналист, сазгер, студент, инженер, биолог, аудармашы, философ, геолог, филолог, тәрбиеші, есепші, әнші, биші, күйші, жазушы, оқушы, саясаткер.

2-жаттығу. Тиісті жалғауды жалғаңыз.

Мен аспазбын, журналист....., ақын....., ұстаз....., студент....., әнші....., биші....., жазушы....., филолог....., сен дәрігер....., инженер....., оқушы....., ғалым....., есепші....., сіз құрылысшы....., суретші....., ол оқытушы....., саясаткер.....;

3-жаттығу. Сауалға жауап беріңіз.



Қане, тілдесейік!

Диалогты толықтырыңыз

- Сен студентсің бе?
- Иә, мен студент.....
- Сіздер әртіс..... ме?
- Иә, біз әртіс.....
- Сенің ағаң ақын.....ба?
- Жоқ, ол бағдарламашы.....

ЛЕКСИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫП

КӨЛІК ТҮРЛЕРІ



автобус



трамвай



троллейбус



машина



үшак



тікүшак



поезд



камаз

15-САБАҚ

Тілдік анықтамалық. Барыс септік: Кімге? Неге? Қайда?

Сурағы	Жалғауы	мысалы
Кімге?	Ға ге қа ке	Адамға, үлкенге
Неге?	Ға ге қа ке	Қаламға, терезеге
Қайда?	Ға ге қа ке	Қалаға, үйге

--	--	--

Жалғауы:	
-ға-ге	I, II, III, IV
-ға-ке	IV-б,в,г,д; V

ЗАТ ЕСІМ→ ЕТІСТІК

Асқар келді

З.Е +(Септіктер)→ ЕТІСТІК

Кітапхана+ға бардым

1-жаттығу. Берілген мысалдарға «**ға-ге-қа-ке**» жалғауын жалғаңыз:
Ұстаз, ағаш, кітап, қағаз, өзен, сәби, көл, тау, қалам, қабырға, дүкен, базар, нан, қыз, мұражай, әуежай, гүлзар, адам, студент.

2-жаттығу. Төмендегі мәтіннен барыс септікті сөздерді теріп жазыңыз

Демалыста біз Медеуге бардық. Таза ауада демалып, үйге кешке қайттық. Мен ағамның үйінен тамақтанып, жатақханаға қайттым. Ертең сабаққа баруым керек. Мен семинарға дайындалуға отырдым.

3-жаттығу. Көп нүктенің орнына қажетті барыс жалғауын жалғаңыз:
Таңертең университет..... бардым. Кеше Асан базар.... барды. Досыммен кино.... бардық. Кітапхана..... жаңа оқулықтар әкелінді. Дүкен.... жаңа тауарлар келді. Телефон.... ақша салдым. Аспан.... қарадым. Түнде көше.... шықтым. Жексенбіде саяхат.... бардық.

Есте сақтаңыз:

I-II		I-II		Мысалдар:
Менің	Ым-ім	м	А-е	Досыма, әкеме
Сенің	Ың-ің	ң	А-е	Дасың, әкеңе
Сіздің	Ыңыз-іңіз	Ңыз-ніз	Ға-ге	Досыңызға, әкеңізге
Оның	Сы-сі	Ы-і	На-не	Дасына, әкеңе
Біздің	Ымыз-іміз	Мыз-міз	Ға-ге	Досымызға, әкемізге
Сендердің	Ың-ің	ң	А-е	Достарыңа,

				әкеңе
Сіздердің	Ыңыз-іңіз	Ұыз-ңіз	Ға-ге	Достарыңызға, әкеңізге
Олардың	Сы-сі	Ы-і	На-не	Достарына, әкесіне

1-жаттығу. Сөйлемдерді толықтырып жазыңыз.

Сіздің жолдасыңыз..... билет керек пе? Менің жолдасым.... ақша керек. Сенің ағаң.... сөздік керек емес пе? Оның досы.... мектепке бару керек. Олардың әпкелері..... оқулық керек.

2-Жаттығу. Мақал-мәтелдерден барыс септігіндегі сөздерді табыңыз.

1) Сөйлеуге сөз таптым да, 2) Әкеге қарап ұл өсер

Тыңдауға құлақ таппадым. Анаға қарап қыз өсер.

2) Еңкейгенге еңкей атаңның құлы емес

Шалқайғанға шалқай құдайдың ұлы емес.

3-жаттығу. Төмендегі сөйлемдерден барыс септігі бар сөздерді тауып жазыңыз.

Алмас сабақтан кешікпейді. Апам ауылдан қалаға автобуспен келді. «Абай» операсына тобымызбен бардық. Серік дүкенге барғанда досын кездестірді. Қазақстандық студенттер жаздық демалысында қайырымдылық шараларын ұйымдастырды. Олжас компьютермен жұмысты сауатты жасайды.

Қане тілдесейік! Дәрігерде

- Сәлеметсіз бе, ағай!

- Сәлеметсің бе, қарағым

- Кіруге рұқсат па?

-Келіңіз, отырыңыз. Қай жеріңіз ауырады?

-Мен ауырып қалдым, менің қызуым жоғары.

-Ауырғанына қанша уақыт болды?

-Кешеден бері.

-Дәрі жазып берейін. Сізге емделу керек.

-Рахмет, сау болыңыз.

Жаңа сөздер: Жүрек, өкпе, бауыр, асқазан, бүйрек, тамақ, бел.

ЛЕКСИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫП

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол!

Қызға қырық үйден тиым.

Ақыл азбайды, білім тозбайды.

Білімдінің жүзі жарық.

Сабыр түбі- сары алтын.

16-САБАҚ

Тілдік анықтамалық. Табыс септігі.

	жалғаулары	мысалдары
I, II	Ны-ні	Баланы, көшені
III, IV	Ды-ді	Адамды, еденді
IV-б,в,г,д,V	Ты-ті	Құсты, итті

Есте сақтаңыз: Т.Ж. (III) + сы-сі + н

Мысалы: баласын, әкесін

ы-і + н

досын, дәптерін

1-жаттығу. Берілген сөздерге табыс жалғауын жалғаңыз.

Бала, әңгіме, орындық, жазу, парта, сөз, киім, көлік, дәрігер, үй, төсек, терезе, есік, үстел, жұмыс, айна, дос, көрші, көл, қалам, телефон.

2-жаттығу. Суретке қарап, сұраққа жауап беріңіз.

Мен жақсы көремін	Мен жек көремін
 балмұздақ	 кофе
	 айран



кәмпит



алма



жүзім

2-жаттығу. Берілген жұмбақтан табыс септікті сөзді тап.

Ыстықты суытпайды

2) Бір шеңберді бір шеңбер

Суықты ысытпайды

көтеріп жүр білсеңдер

3-жаттығу. Берілген тиым сөздерден табыс септігін табыңыздар.

Жалғыз ағашты кеспе;

Малды теппе, құты қашады;

Босағаны керме;

Тамақты жатып ішпе;

Семіздікті қой ғана көтереді.

Қане тілдесейік! Дүкенде

- Сәлеметсіз бе, апай

- Амансың ба, айналайын

- Менің досыма сыйлық алуым керек еді.

- Жақсы, қандай сыйлық керек?

- Маған әдемі сағат немесе белбеу көрсетіңізші.

- Мінеки, көріңіз.

- Маған мынау сағатты беріңізші, бағасы қанша?

- Бес мың теңге тұрады.

-Жақсы алайын, сау болыңыз.

ЛЕКСИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫП.

ДӘНДІ ДАҚЫЛДАР



күріш



фасоль



бұршақ



қаракұмық



жүгері



тары



арпа



бидай

17-САБАҚ

Тілдік анықтамалық: Жатыс септігі

	жалғаулары	мысалдары
I, II, III, IV-з, ж	Да-де	Далада, көшеде, жазда
IV-б, в, г, д V	Та-те	Кітапта, мектепте

Есте сақтаңыз: Т.Ж. (III) + сы-сі + нда
әжесінде

Мысалы: ағасында

ы -і + нде тауында, көлінде

1-жаттығу. Берілген сөздерге жатыс жалғауын жалғаңыз.

Доп, төсек, сағат, еден, терезе, сөре, тақта, қабырға, университет, сынып, ұшақ, қала, дала, асхана, сөмке, дүкен, бақша, егіс, көлік.

2-жаттығу. Үлгіге қарап сөйлемді аяқтаңыз.

Үлгі: Кім қайда не істейді? Дәрігер емханада жұмыс істейді.

Сатушы дүкен.... жұмыс істейді.

Ұстаз мектеп..... жұмыс істейді.

Журналист газет..... жұмыс істейді.

Диқан егіс..... жұмыс істейді.

Тәрбиеші балабақша..... жұмыс істейді.

3-жаттығу. Берілген сұрақтарға жауап беріңіз

-Сен қай мезгілде дүниеге келдің?

-Дүйсенбіде не істедің?

-Сенің әкең қайда жұмыс істейді?

-Сен қайда тұрасың?

-Сенің жатақханаң қайда орналасқан?

Қане тілдесейік! Кітапханада

- Сәлеметсіз бе, маған қазақ тілі оқулығы керек еді

- Жақсы, авторы кім?

- С.Исаевтың «Қазақ тілі» оқулығы керек еді.

- Мінеки, алыңыз.

- Рахмет, сау болыңыз.

ЛЕКСИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫП

ЖАҢЫЛТПАШТАР

Жағажай,

Жағажайда - Қамажай

Жағажайды жағалай,
Жүгіреді Қамажай.

Қырық құлып,
Қырық құрық.
Құлып та қырық,
Құрық та қырық.

Арқада алты арқар бар,
Қырқада қырық арқар бар.
Қырық арқарда ақ арқар бар.
Алты арқарда марқа арқар бар.

18-САБАҚ

Тілдік анықтамалық: Шығыс септігі

	жалғаулары	мысалдары
Ш-м, н,ң	Нан нен	Ираннан, Пекиннен
I, II IV-з,ж Ш-р й у л	дан /ден	Түркиядан, Ресейден, қағаздан, дәптерден
V	тан /тен	Кітаптан, төсектен, Шымкенттен

1-жаттығу. Берілген сөздерге шығыс жалғауын жалғаңыз.

Қырман, қала, ауыл, дала, театр, кино, саяхат, саябақ, мұражай, кітапхана, дәріхана, асхана, Америка, Алматы, тоғай, метро, өзен.

2-жаттығу. Үлгіге қарап сөйлемді аяқтаңыз

Үлгі: Кім қайдан? Асан Алматыдан.

..... Астана.....

..... Кабул.....

..... Үндістан.....

.....Шымкент.....

..... Атырау.....

..... Қарағанды.....

.....Стамбул.....

..... Иран.....

3-жаттығу. Көңіл бөліп оқыңыз, есте сақтаңыз.

Мен Ауғанстаннанмын

Сен Ауғанстаннансың

Сіз Ауғанстаннансыз

Ол Ауғанстаннан

Біз Ауғанстаннанбыз

Сендер Ауғанстаннансыңдар

Сіздер Ауғанстаннансыздар

Олар Ауғанстаннан

Қане тілдесейік!

- *Қайырлы кеш*

- *Қайырлы кеш*

- *Сіздерде ішетін не бар?*

- *Шырындар, айран, қымыз, шұбат бар*

- *Маған шұбат әкеліңізші*

- *Мінеки, алыңыз!*

ЛЕКСИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫП

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ КӨРІКТІ ЖЕРЛЕРІ



Медеу



Әуежай



Көктөбе



Шымбұлақ



Алмаарасан



Президент паркі

19-САБАҚ

Тілдік анықтамалық: Көмектес септігі

	жалғаулары	мысалдары
I,II,III	мен	Анамен, баламен, әкемен, інімен
IV-з,ж	бен	Қызбен, теңізбен, ұстазбен
IV-б,в,г,д V	пен	Ұшақпен, педагогпен, кітаппен, топпен

1-жаттығу. Берілген сөздерге көмектес жалғауын жалғаңыз.

От, ел, жұрт, ана, етікші, қолшатыр, іскер, дос, көше, жазушы, еңбек, арман, жолдас, домбыра, көрші, аспан, ағаш, телефон, қыз.

2-жаттығу. Сөйлемді аяқтаңыз

Мен пойыз.... келдім. Сен ат..... келдің. Сіз қыз.... таныстыңыз. Ол доп.... ойнады. Менің інім жолдасы..... сөйлесті. Жарас балта..... ағаш жарды. Асан қалам..... жазу жазды. Айжан қыста шана.....сырғанады. Қайрат телефон..... сөйлесті.

3-жаттығу. Мақал-мәтелден көмектес септігін табыңыз.

- 1)Оқу инемен құдық қазғандай
- 2)Асықпаған арбамен қоянға жетер
- 3)Қолыңмен жасағанды мойныңмен көтер
- 4)Жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен жүріп адас.
- 5) Көппен көрген ұлы той.

Қане тілдесейік! Асханада

- Сәлеметсіз бе

-Сәлеметсің бе

-Түскі асқа сіздерде не бар?

- Сорпа, палау, тұшпара, қуырдақ бар

- Сусыннан не бар?

- Шай, кофе, шырын бар

-Маған палау, шай, нан беріңізші. Қаниша төлеуім керек?

- Мінеки, алыңыз. Сізден бес жүз алпыс теңге.


-Рахмет, сау болыңыз!

ЛЕКСИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫП

ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАР: АБАЙ, ЫБЫРАЙ, АХМЕТ



Абай (Ибраһим) Құнанбаев Құнанбайұлы (1845-1904) — ақын, қазақ әдебиетінің негізін қалаушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер. Абай ақындық шығармаларында қазақ халқының әлеуметтік, қоғамдық, моральдық мәселелерін арқау еткен. Абай Шығыс пен Батыс мәдениеті мен өркениетін жетік білген. Бірқатар әлем ойшылдарының еңбектерімен жақсы таныс болған.



Ыбырай Алтынсарин (шын аты — Ибраһим, 1841—1889) — қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері. Ыбырай Алтынсарин қазақтың ағартушылық тарихында және ұлттық мектебінің қалыптасуында еңбек етті. Ресей қоғамының білімді адамдарымен жиі араласып тұрды. Алған білімін өз халқының пайдысына асыруға талпынды.



Байтұрсынұлы Ахмет- қазақтың көрнекті ақыны, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері. Қазақ халқының 20 ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазуды құрастырушы. Алаш-Орда өкіметінің мүшесі.

20-САБАҚ

Тілдік анықтамалық: СЫН ЕСІМ

Кім?	Қандай?	Не?	Қандай?
жігіт	сымбатты	Кітап	қызықты
Қыз	әдемі	Дала	суық
Оқушы	ақылды	Бөлме	жарық
дәрігер	мейірімді	Ағаш	биік
Бала	кішкентай	Аспан	көк

1-жаттығу. «кім қандай?» сауалына жауап беріңіз.

Керекті сөздер: үлкен көз, ұзын шаш, қалың жемпір, бұйра шаш, толық адам, көк көз, қысқа бой, арық кісі, ұзын бойлы.

Мысалы: менің көзім үлкен.....

2-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті сын есімдерді қойыңыздар.

Алматыда бүгін ауа райы	Жылы, суық, ыстық, бұлтты
Астанақала	Әдемі, көрікті, үлкен
Көкшетау Қазақстанның еңаймағы.	Орманды, таулы, ормансыз
Менің досымның көлігі.....	Үлкен, кішкентай, қымбат, арзан
Қолшатыр	Жасыл, үлкен, сары

3-жаттығу. Төмендегі сын есімдерді жазыңыз.

Таза, әдемі, сымбатты, әсем, үлкен, кіші, лас, орташа, биік, аласа, жуан, жіңішке, әдепті, әдепсіз, көрікті, таулы, суық, ыстық, ылғалды, жақсы, жаман, ақ, қара, ержүрек, ақылды, қымбат, арзан, қолайлы, ұзын, қысқа, қызыл, жасыл.

Қане, тілдесейік!

- Сәлем, Арман. Сен қайда тұрасың?

- Мен жатақханада тұрамын.

- Сенің бөлмең қандай?

- Менің бөлmem кең, жарық, таза.

- Ал, сен қайда тұрасың?

- Мен пәтерде тұрамын. Менің пәтерім кіші және қолайлы.

ЛЕКСИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫП

ТҮСТЕР



1) қара

5) жасыл

9) қызыл

2) қою көк

6) ашық жасыл

10) қызғылт

3) көк

7) сары

11) ашық қызғылт

4) көгілдір

8) қызғылт сары

12) қоңыр

21-САБАҚ

Тілдік анықтамалық:

САН ЕСІМ

<i>Сауалы: ҚАНША? НЕШЕ?</i>			
САН	ЖАЗБАША	САН	ЖАЗБАША
1	Бір	20	Жиырма
2	Екі	30	Отыз
3	Үш	40	Қырық
4	Төрт	50	Елу
5	Бес	60	Алпыс
6	Алты	70	Жетпіс
7	Жеті	80	Сексен
8	Сегіз	90	Тоқсан
9	Тоғыз	100	Жүз
10	Он	1000	Мың

1-жаттығу. Берілген есептік сан есімдерді цифрмен жазыңыз.

Жиырма, қырық, жеті, тоғыз, сексен, жүз, төрт, екі, сегіз, отыз, мың, елу, алпыс, алты, бес, үш, он.

2-жаттығу. Берілген сандарды сөзбен жазыңыз, оқыңыз.

5, 10, 60, 30, 7, 6, 3, 2, 1000, 50, 20, 70, 1, 40, 90, 100, 8, 9, 80.

3-жаттығу. Берілген сандарды дұрыс оқыңыз.

Он бес(15), жиырма екі (22), отыз үш (33), қырық сегіз (48), елу төрт (54), алпыс жеті (67), жетпіс бір (71), сексен алты (86), тоқсан тоғыз (99), жүз үш(103).

Қане, тілдесейік!

- Саған не керек?

- Маған қалам керек.

- Қандай қалам керек?

- Қызыл және қара түсті екі қалам керек.

ЛЕКСИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫП

ҚАСИЕТТІ САҢДАР

ҮШ, БЕС, ЖЕТІ

Мысалы: Үш асыл- көз, тіл, көңіл;

Бес жаратылыс- күн, ай, жұлдыз, күндіз, түн;

Жеті қазына- ер жігіт, сұлу әйел, ақыл-білім, жүйрік ат, қыран бүркіт, берен мылтық, жүйрік ит.

22-САБАҚ

Тілдік анықтамалық: **Жинақтық сан есім**

ҚАНША? НЕШЕ?	-АУ(I) -ЕУ(II)	ҚАНШАУ? НЕШЕУ?
Бір		Біреу
Екі		Екеу
Үш		Үшеу
Төрт		Төртеу
Бес		Бесеу
Алты		Алтау
Жеті		Жетеу

Реттік сан есім

Неше?	-Ыншы, -інші -Ншы, -нші	Нешінші?
Бір		Бірінші
Екі		Екінші
Үш		Үшінші
Төрт		Төртінші
Бес		Бесінші
Алты		алтыншы
Жеті		Жетінші
Сегіз		Сегізінші
Тоғыз		Тоғызыншы
Он		Оныншы

1-жаттығу. Төмендегі сандарға «-ау, -еу, -ыншы, -інші,- нышы,- нші» жалғаңыз.

12, 24, 2, 7, 36,70, 1, 3, 44, 68, 73, 82, 5, 9, 16, 6, 4, 97.

2-жаттығу. Диалогты оқыңыз.

- Сәлем, Серік. Сенің жасың қаншада?

- Сәлем, Аружан. Менің жасым он тоғызда.

- Сен қайда тұрасың?

- Мен 14- жатақханада тұрамын.

- Қай қабатта, нешінші бөлмеде тұрасың?

-2-қабатта, 75-бөлмеде тұрамын.

3-жаттығу. Берілген мәтіннен сан есімдерді теріп жазыңыз....

ЛЕКСИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫП

ТӨРТ ТҮЛІК ПІРЛЕРІ

- 1) Түйе пірі-Ойсыл қара
- 2) Жылқа пірі-Қамбар ата
- 3) Сиыр пірі-Зеңгі баба
- 4) Қой пірі-Шопан ата
- 5) Ешкі пірі-Шекшек ата

23-САБАҚ

Тілдік анықтамалық: Бөлшектік сан есім

Неше?	Бөлшектік
Бір	Екіден бір
Екі	Төрттен үш
Үш	Оннан бес
Төрт	Жиырма бестен бір
Бес	Жетіден алты
Алты	Сегізден екі
Жеті	Алтыдан бес
Сегіз	Отыздан жеті
Тоғыз	Тоғыздан бес

Он	Оннан тоғыз
-----------	--------------------

1-жаттығу. Мәтінмен жұмыс

Мен шәкіртақымның үштен бір бөлігін кітапқа арнаймын. Дүние жүзінің төрттен үш бөлігін су құрайды. Біздің топтың екіден бірі үздік студенттер. Теңіз суының жиырмадан бір бөлігін тұз құрайды. Алманың үштен бір бөлігін ініме бердім. Адамның ағзасының бестен төрт бөлігін су құрайды.

2-жаттығу. Берілген сан есімдерден бөлшектік сан есім жасаңыз:

1,2,3,5,8,9,6,7,10,4.

3-жаттығу. Сан есімдерді пайдаланып диалог құрыңыз.

Топтау сан есім

Неше?	-нан-нен -дан-ден -тан-тен	Қаншадан? Нешеден?
Бір		Бірден
Екі		Екіден
Үш		Үштен
Төрт		Төрттен
Бес		Бестен
Алты		Алтыдан
Жеті		Жетіден
Сегіз		Сегізден
Тоғыз		Тоғыздан
Он		Оннан

2-жаттығу. Төмендегі сандарға «-дан, ден, тан, тен, нан, нен» жалғауын жалғаңыз.

12, 24, 2, 7, 36,70, 3, 44, 68, 73, 82, 9, 16, 6, 4, 97, 5, 10, 60, 30, 1000, 50, 20, 70, 1, 40, 90, 100, 8, 9, 80.

3-жаттығу. Берілген мақал-мәтелден сан есімдерді тауып, мағыналық түріне қарай ажыратыңыз.

- 1) Алпыс күн тасыған су алты күнде қайтар
- 2) Қызға қырық үйден тыю
- 3) Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні

4) Қырықтың бірі-Қыдыр.

5) Отыз тістен шыққан сөз, отыз рулы елге тарайды.

Қане, тілдесейік!

-Сәлем, Ахмет!

-Сәлем, Айша!

-Ахмет, сен қай қалада тұрасың?

-Алматы қаласында

-Үйлерің неше қабатты?

-Үйіміз үш қабатты

-Үйіңде бақша бар ма?

-Иә, бар.

ЛЕКСИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫП

МУЗЫКА АСПАПТАРЫ



домбыра



сыбызғы



жетіген



гитара



барабан



саксафон



күйсандық



скрипка



баян



қобыз

24-САБАҚ

ЕСІМДІК

Есім сөздердің орнына жүретін сөз табы (зат есім, сан есім, сын есім)

Жіктеу есімдігі

Мен	Мен келдім	Есімдік+ етістік
Сен /сендер	Сен айттың/дар	Есімдік+ етістік/к.ж
Сіз /сіздер	Сіз оқыдыңыз/дар	Есімдік+ етістік/ к.ж
Ол /олар	Ол серуендеді	Есімдік+ етістік/к.ж
Біз	Біз сөйлестік	Есімдік+ етістік

1-жаттығу. Берілген сөз тіркестерін толықтырыңыз

..... келдім, айтты,отырдық, бердіңіздер, естіді, оқыдым,
..... жинадың, жаздыңыз,қыдырдық.

2-жаттығу. Жіктеу есімдігін пайдаланып, «Кездескенде» тақырыбына шағын диалог құрыңыз.

3-жаттығу. Мәтіннен жіктеу есімдігін тауып, теріп жазыңыз.

Сен он тоғыз жастасың. Біз Алматының көрікті жерлеріне саяхат жасадық.
Сіздер Қазақ ұлттық университетінің студентісіздер. Ол бүгін өте көңілді.
Сендердің сабақтарың сегізде басталады. Мен ағылшын курсына жазылдым.

Сілтеу есімдігі

Бұл	Бұл -досым
Сол	Сол-кітап
Мынау	Мынау-тақта
Анау	Анау-көршім
Міне	Міне-дәрісхана
Әне	Әне-үйім

Мінеки	Мінеки-дәптерің
Ол	Ол-кітапхана

1-жаттығу. Берілген сілтеу есімдігін пайдаланып мысалдар келтіріңіз

Бұл, анау, мінеки, мынау, міне, ол, сол, әне.

2-жаттығу. Мәтінді көшіріп жазып, сілтеу есімдіктерінің астын сызыңыз.

Анау-біздің жатақхана. Мынау-менің ұстазым. Бұл –менің көршім. Өне орталық мұражай көрінді. Міне құжатыңды ал.

3-жаттығу. Дәрісханадағы заттарды пайдаланып, сілтеу есімдігін қатыстырып диалог құрастырыңыз.

Қане, тілдесейік! Көшеде

- Сәлеметсіз бе, кешіріңіз, сізден сұрауға бола ма?

- Сәлеметсің бе, иә сұраңыз.

- Маған драма театрына қалай баруға болады, айтып жібересіз бе?

- Сізге Абай даңғылына шығып, 35-автобуска отыру керек.

- Рахмет, сізге!

- Жолыңыз болсын!

ЛЕКСИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫП

ТҰРМЫСҚА ҚАЖЕТТІ ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР



балға



балта



күрек



кетпен



арба



тырма

25-САБАҚ

Сұрау есімдігі

Кім?	Кім келді?
Не?	Не болды?
Қашан?	Қашан сабақ басталады?
Қанша?	Қанша бала?
Қандай?	Қандай көше?
Қайда?	Қайда орналасқан?
Қалай?	Қалай өтті?

1-жаттығу. Берілген сұрау есімдігін пайдаланып мысалдар келтіріңіз

Қашан, қайда, қанша, қандай, қалай, не, неше, кім.

2-жаттығу. Мәтінді көшіріп жазып, сұраққа жауап беріңіз

Мұражай қайда орналасқан? Бүгін қанша студент келмеді? Концерт нешеде басталады? Билет қанша тұрады? Мынау кім? Кімді күтіп аласың?

Қазақстанда не ұнады? Сенің бөлмең қандай?

.....

3-жаттығу. Сұрау есімдігін пайдаланып шағын диалог құраңыз.

Қане, тілдесейік! **Қонаққа шақыру**

-Сәлеметсіз бе! Кіруге рұқсат па?

-Сәлеметсіз бе! Кіріңіз

- Сізді үйге қонаққа шақыруға келдім, кешке сағат алтыда қонаққа келіңіз.

Мекен жайым мынадай: Төле би көшесі 39,102 үй, 7пәтер

-Бқыласыңызға рахмет, міндетті түрде баруға тырысамын.

-Сізді күтемін. Көріскенше, сау болыңыз.

-Сау болыңыз.

Болымсыздық есімдігі

Ешқашан	Ешқашан айтпайды
Ештеңе	Ештеңе білмейді
Ешқандай	Ешқандай уайымсыз
Ешкім	Ешкім келмеді

Ешнәрсе	Ешнәрсе болмады
Дәнеңе	Дәнеңе жоқ

1-жаттығу. Берілген болымсыздық есімдігін пайдаланып мысалдар келтіріңіз

Ешқашан, ешқайда, ешқандай, ешқалай, ештеңе, ешкім, дәнеңе.

2-жаттығу. Мәтінді көшіріп жазып, болымсыздық есімдіктерінің астын сызыңыз

Мен ешқашан дәрістен кешікпеймін. Ол ешқайда бармайды. Жанар ешкімді танымады. Омар бүгінгі дәрістен ештеңе түсінбеді. Тәртіпті бұзуға ешқандай құқымыз жоқ. Ол дәнеңе айтпай, шығып кетті.

.....

3-жаттығу. Болымсыздық есімдігін пайдаланып шағын диалог құраңыз.

ЛЕКСИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫП

ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫ



кітап



дәптер



СЫЗҒЫШ



қалам



кітапша



қарындаш



өшіргіш



ұштағыш



бояу

26-САБАҚ

Тілдік анықтамалық

ЕТІСТІК

Іс-әрекетті, қимылды білдіретін сөз табы.	
	Мысалдары:
Не істеді? Қайтті?	Оқы
	Жаз
	Кел
	Тыңда
	Сөйле
	Отыр

1-жаттығу. Берілген етістіктерді оқып, сөздіктің көмегімен мағынасын анықтаңыз

Оқу, жазу, айту, тыңдау, жүгіру, сөйлесу, жүру, демалу, тұру, отыру, жату, қайталау, беру, алу, келу, кету, салу, тарату, ашу, жабу, көтеру, секіру, ұру, жылау, ұялу.

2-жаттығу. Суретке қарап сөйлем құраңыз.

Аршу



Жуу



Бөлу.....



Жеу





Ішу



Турау.....

Есте сақтаңыз:

Етістік	ІІІ, І	-а-	Бар+а+мын
Етістік	ІІІ, ІІ	-е-	Кел+е+мін
Етістік	І, ІІ	-й -	Сөйле+й+мін Жаса+й+мын

2-жаттығу. Төмендегі етістіктерге «-а,-е,-й» жұрнақтарын дұрыс жалғаңыз.

Оқу, жазу, айту, тыңдау, жүгіру, сөйлесу, жүру, демалу, тұру, отыру, жату, қайталау, беру, алу, келу, кету, салу, тарату, ашу, жабу, көтеру, секіру, ұру, жылау, ұялу.

3-жаттығу.Төмендегі мәтіннен етістіктерді табыңыз

Әке, шеше, ұл, қыз- бәрі қосылып, отбасын құрайды. Олар бір үйде тұрып, бірге өмір сүреді. Ондағы әр адам бір-бірін сыйлайды. Олар бір-біріне әрдайым көмектеседі.

Қане, тілдесейік! Базарда

- Сәлеметсіз бе, апай. Маған күріш, май, ет, жұмыртқа керек еді.
- Сәлеметсің бе, балам. Келе ғой, менде бәрі бар. Саған қанша кг күріш керек?
- Маған 2 кг күріш, 1 литр май, 10 жұмыртқа және жарты кг ет беріңіз.
- Жарайды, өлшейін.
- Бағасы қанша?
- Сенен 2000 теңге.

-Сізге рахмет, сау болыңыз

-Сау бол.

ЛЕКСИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫП

АЛТЫ ПАРЫЗ

- 1) Бір-біріне сәлем беруге
- 2) Шақырса-баруға
- 3) Кеңес сұраса-ақыл қосуға
- 4) Сұрағына-жауап беруге
- 5) Ауырып қалса-көңілін сұрауға
- 6) Қайтыс болса-жерлеуге қатысуға

27-САБАҚ

Тілдік анықтамалық: ҚАЛЫП ЕТІСТІКТЕРІ

Отыр	Көріп отыр
Тұр	Сөйлеп тұр
Жатыр	Ұйықтап жатыр
Жүр	Оқып жүр

1-жаттығу. Мәтінді түсініп оқып, етістіктердің қызметін анықта.

Көп алдында ұятқа қалмауды әрқашан ойлап жүр. Үйде, дастарханда үлкендер төрде, жастар төмен қарай отырады. Өзіңе-өзің сын көзбен қарап жүр. Тәрбиеліден -тәлім, ғалымнан-ғибрат, өнерліден – оқып көр. Жастар білімін көпке, пайдалы жерге жұмсауды үйреніп жатыр.

2-жаттығу. Үлгі бойынша қалып етістігін пайдаланып, сөйлемдер құрастырыңыз.

Үлгі: Арман орындықта **отыр** - Асқар сабақ **оқып отыр**

3-жаттығу. Етістікті пайдаланып диалог құрыңыз.

Қане, тілдесейік! Дәріханада

-Сәлеметсіз бе, апай!

- Сәлеметсің бе, қарағым!

- Маған тұмауға қарсы, қызу түсіретін дәрі керек еді.

- Дәрігердің нұсқау қағазы бар ма?

-Мінеки, көріңізші

- Мінеки, алыңыз. Бағасы бес жүз елу теңге тұрады.

-Бұл дәріні қалай ішу керек

-Күніне үш уақыт, тамақтан бұрын қабылдайсыз.

-Рахмет, сау болыңыз

-Сауығып кетіңіз.

ЛЕКСИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫП

ӘСЕМДІК БҰЙЫМДАР



сырға



білезік



моншақ



алқа



сақина



белбеу

27-САБАҚ

ДАРА ЖӘНЕ КҮРДЕЛІ ЕТІСТІКТЕР

Дара	күрделі
Келді	Келе жатыр
Айтты	Айтып отыр
Ұйықтады	Ұйықтап қалды

1-жаттығу. Мәтінмен жұмыс

Күзде жапырақтар сарғаяды. Диканшылар өнімін жинап алады. Жеміс жидектер піседі. Күн салқындай бастайды. Адамдар жылы киімдерін кие бастайды. Қараша айында жиі жаңбыр жауып, соңы қарға айналады. Күз-береке мезгілі.

2-жаттығу. Дараны бір қатарға, күрделі бір қатарға жазыңыз

Бірлік болмай, тірлік болмас.

Құс қанатымен ұшады, құйрығымен қонады.

Қыран құс шашып жейді, қара құс басып жейді.

Ерді намыс өлтіреді, қоянды қамыс өлтіреді.

Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы шал сәлем береді.

Шешесін көріп қызын ал.

Көпті көрген дана болар, қартайып кетсе бала болар.

3-жаттығу. Жақша ішіндегі етістіктерді түрлендіріп, сөйлемді қайта құраңыз.

Мен кітап (оқу). Жанар тапсырма (орындау). Біз киноға (бару). Досымыз екеуміз балмұздақ (жеу). Көршім маған (көмектесу). Арман үйді (жинау).

Қане, тілдесейік! Кітап дүкенінде

-Сәлеметсіз бе, апай?

-Сәлемесің бе, айналайын.

-Маған қалың дәптер, қалам, қойын кітіпшасы керек еді.

-Мінеки, көріңіз. Қандайын аласыз?

-Мынау қалам қанша тұрады?

-Қалам алтыс теңге тұрады.

-Маған бес қалың дәптер, бір қалам, екі кітапша беріңіз.

-Мінеки. Алыңыз.

-Рахмет, сау болыңыз.

ЛЕКСИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫП

ҰЛТТЫҚ ТАҒАМДАР АТАУЛАРЫ



бесбармақ



палау



манты



лағман



қымыз



қазы-қарта



бауырсақ



шелпек



қуырдақ



самса